

Жарғы

Жоба атауы:	Облыстың ішкі нарығын әлеуметтік-маңызы бар тауарлармен қамтамасыз ету
Бастамашылар:	Мамытқұлов Әлқуат
Жобаның іске асырылу мерзімі	2021 жылғы сәуір – 2022 жыл наурыз
Жобаның негіздемесі	Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» жолдауының 2 бөлімі, 3 тармағы «Агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспортын екі есе арттыру». Құс еті өндірісі бойынша 2019 жылдың қорытындысымен Жамбыл облысы өз-өзін тек 95% көлемінде қамтуы.
Жобаның өнімі	Құс еті өндірісін арттыру бойынша жүйені қалыптастыру
Жобаның мақсаты	Облыстағы құс еті бойынша жыл сайынғы өндірісті кем дегенде 25,0 мың тоннаға дейін жеткізу немесе 5 есеге арттыру.

<p>Жобаның міндеті</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Нақты инвесторларды анықтап табу 2. Жаңа 2 құс еті бағытындағы фабрика құрылысын жүргізу 3. Тұрғындарға дайын өнімді ары қарай сату үшін тауық еті мен тұқымын өндіру 4. Балапандарды өсіруге арналған жеке инкубатор қою. 5. Өндірілген құс еті өнімін еліміздің басқа өңірлеріне және шет елдерге экспортқа шығару
<p>Жоба сәттілігінің критерийлері</p>	<p>2022 жылғы құс еті өндірісін 2019 жылмен салыстырғанда 5 есеге арттыра отырып, Жамбыл облысын толығымен құс етімен қамтамасыз ету және жыл сайын кем деген 10,0 мың тонна құс етін экспортқа шығару және қайта өңдеу саласына бағыттау. Жамбыл облысында өндірілетін құс етін нағыз брендке айналдыру</p>
<p>Стейкхолдерлар</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жамбыл облысының әкімдігі Облыс әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы «Алель Агро» АҚ «Қордай Құс» ЖШС</p>

Жоба тәуекелдері

1. Құс тұмауы
2. Өнім бағасының өсуі
3. Тауардың өзіндік құны
4. Жем бағасының өсуі
5. Құс тұмауына қарсы вакциналардың тапшылығы
6. Жобаны үйлестіруші басшылықтың ауысуы